

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. Ескерту. Жоба қайтарылып алынды - ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 25 қаулысымен**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысы.

**Ескерту. Жоба қайтарылып алынды - ҚР Үкіметінің 29.01.2019 № 25 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; № 19- I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-VII, 155-құжат; № 23-II, 170-құжат):

2-бапта:

3-бөлім мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Некені (ерлі-зайыпты болуды) қию немесе тоқтату бойынша діни жоралар мен рәсімдерді ғибадат ғимараттарынан (құрылысжайлардан) тыс жерлерде жүргізуге жол берілмейді.

Діни жоралар мен рәсімдер бойынша некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірген адамдардың біреуі ғибадат ғимаратына (құрылысжайына) келе алмайтын айрықша жағдайларда (ауыр науқастануы, жүріп-тұру қиындығымен байланысты

мүгедектігі, күзетпен ұсталуы немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы) некені діни жоралар мен рәсімдер бойынша киюды (ерлі-зайыпты болуды) үйде, медициналық немесе өзге де ұйымда некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен тіркелген діни бірлестіктің өкілі жүргізеді."

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1,4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53,57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24,124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; 2017 жылғы 19 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны 434-2-баптың мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

"434-2-бап. Бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге қатысты заңнама талаптарын бұзу";

2) мынадай мазмұндағы 434-2-баппен толықтырылсын:

"434-2-бап. Бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге қатысты заңнама талаптарын бұзу

1. Бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге қатысты заңнама талаптарын бұзу –

жеке тұлғаларға ескерту жасауға не елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекет –

жеке тұлғаларға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 489-бапта:

бірінші бөліктегі "Қоғамдық бірлестік", "қоғамдық бірлестіктің" және "қоғамдық бірлестіктердің" деген сөздер тиісінше "Қоғамдық, діни бірлестік", "қоғамдық, діни бірлестіктің" және "қоғамдық, діни бірлестіктердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Қоғамдық бірлестік" және "қоғамдық бірлестіктің" деген сөздер тиісінше "Қоғамдық, діни бірлестік" және "қоғамдық, діни бірлестіктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "қоғамдық бірлестіктің" деген сөздер "қоғамдық, діни бірлестіктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "қоғамдық бірлестіктің" деген сөздер "қоғамдық, діни бірлестіктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 490-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"490-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында:

1) діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге;

2) қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға;

3) діни әдебиетті және діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға;

4) ғибадат ғимараттарын (құрылысжайларын) салуға, ғимараттарды (құрылысжайларды) ғибадат ғимараттары (құрылысжайлары) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгертуге);

5) дінді оқып-үйренуді ұйымдастыруға белгіленген талаптарды бұзу –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға не елу, заңды тұлғаларға – ескерту жасауға не екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

2. Заңды діни қызметке кедергі келтіру, сол сияқты дінге көзқарасы себептері бойынша жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын бұзу немесе дінге сенушілердің және (немесе) дінге сенбеушілердің сезімдері мен қадір-қасиеттерін немесе құдайға құлшылық етуді, діни жоралар мен рәсімдерді орындауды қорлау; қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылғылар мен орындарды бұлдіру; діни радикализмнің көріністеріне жол беру, егер жоғарыда баяндалған барлық әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта тіркеусіз) жүзеге асыру, сол сияқты дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды миссионерлердің пайдалануы, Қазақстан Республикасында тіркелмеген діни бірлестіктердің діни ілімін тарату –

Қазақстан Республикасының азаматтарына – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының

шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберіле отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Діни бірлестіктің өз жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асыруы – қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы –

қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, мекемелерде, оның ішінде денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құру –

лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Уәкілетті органмен келіспей шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы –

Қазақстан Республикасының азаматтарына – ескерту жасауға не елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберіле отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Діни бірлестік басшысының он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды ата-анасының біреуінің, кәмелетке толған жақын туысқанының немесе кәмелетке толмаған адамның өзге де заңды өкілдерінің ілесіп алып жүруінсіз, сондай-ақ ата-анасының бірі немесе кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі қарсылық білдірген кезде құдайға құлшылық етуге, діни жораларға, рәсімдерге және (немесе) жиналыстарға қатыстыруға жол бермеу шараларын қолданбауы –

ескерту жасауға не қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Қазақстан Республикасы азаматтарының белгіленген тәртіппен шет мемлекеттерде рухани (діни) білім алуы жөніндегі заңнама талаптарын бұзуы – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Діни бірлестіктердің ғибадат ғимараттарындағы (құрылысжайларындағы), үй-жайларындағы ішкі тәртіпті сақтау жөніндегі заңнама талаптарын бұзуы –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға не елу, заңды тұлғаларға ескерту жасауға не бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің діни бірлестіктердің мүддесі үшін қызмет бабын және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға, сондай-ақ өзге тұлғаларды діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлеуге жол бермеу жөніндегі заңнама талаптарын бұзуы –

жеке тұлғаларға ескерту жасауға не он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоғамдық орындарда пайдалану, киіп жүру және тарату –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға не елу, заңды тұлғаларға ескерту жасауға не бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

қызметке тыйым салына отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 491-1-баппен толықтырылсын:

"491-1-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) қию немесе тоқтату кезінде діни жоралар мен рәсімдер бойынша Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасын бұзу

Ғибадат ғимараттарынан (құрылысжайларынан) тыс жерлерде некені (ерлі-зайыптылықты) қию немесе тоқтату кезінде діни жоралар мен рәсімдерді атқаруда жасалған Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасын бұзу –

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 729-баптың бірінші бөлігі "491," деген сандардан кейін "491-1" деген сандармен толықтырылсын;

7) 804-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша "434" деген сандардан кейін "434-2," деген сандармен толықтырылсын, "489 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері)," деген сөздерден кейін "490 (бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшалары, үшінші және он үшінші бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

55) тармақшадағы "сегізінші" деген сөз "он үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат):

16-баптың бірінші бөлігінің 18) тармақшасындағы "қағидаларын бекітеді." деген сөздер "қағидаларын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту қызметтерінің нысаналы бағыттағы жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді."

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 г., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат):

1) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 30) және 31) тармақшалармен толықтырылсын:

"30) өңірдегі діни ахуалға зерделеуді және талдауды жүргізеді;

31) өңірде әрекет ететін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізеді;"

2) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 25) және 26) тармақшалармен толықтырылсын:

"25) ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін қоспағанда, өңірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді;

26) ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін қоспағанда, өңірде әрекет ететін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізеді."

5. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат):

35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рухани (діни) білім беру ұйымдарында білім алып жатқан адамдарды қоспағанда, он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандар ата-анасының біреуінің, кәмелетке толған жақын туысқанының немесе өзге де заңды өкілдерінің ілесіп алып жүруімен, сондай-ақ ата-анасының біреуі немесе кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі қарсылық білдірмеген кезде құдайға құлшылық етуге, діни жораларға, рәсімдерге және (немесе) жиналыстарға қатыса алады."

6. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат):

6-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жарнамада деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті пайдалануға тыйым салынады."

7. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 6, 8-құжат, 2011 ж., № 21, 171-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 3, 21-құжат; 2015 ж., № 23-I, 166-құжат):

5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы бойынша іс-шараларды өткізу."

8. "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат, № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 9,

51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 21-І, 125-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; 2017 жылғы 15 маусымдағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Қызметтік (лауазымдық) міндеттерін атқару, медициналық мақсаттарда, азаматтық қорғау, ауа райы жағдайларында, сондай-ақ спорттық, спорттық-бұқаралық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысу үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүруге тыйым салынады.";

2) 23-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ресми алдын ала ескерту;"

3) 24-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында "материалдар негіз болып табылады." деген сөздер "материалдар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) тергеп-тексерілуі ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған экстремистік және террористік қылмыстарды, сондай-ақ діни қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға жағдай жасайтын жеке тұлғаның әрекеттері туралы мәліметтер негіз болып табылады.";

4) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Ресми алдын ала ескерту

Ресми алдын ала ескертуді (бұдан әрі – алдын ала ескерту) жазбаша нысанда жариялау туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының уәкілетті басшысы тексеру аяқталғаннан кейін және тергеп-тексерілуі ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған экстремистік және террористік қылмыстарды, сондай-ақ діни қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға жағдай жасайтын жеке тұлғаның әрекеттері туралы алынған мәліметтер расталғаннан кейін қабылдайды.

Ресми алдын ала ескертуге Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі немесе оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы, Қазақстан Республикасы ішкі істер аумақтық органдарының бастықтары қол қояды.

Ресми алдын ала ескерту тергеп-тексерілуі ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған экстремистік және террористік қылмыстарды, сондай-ақ діни қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға жағдай жасайтын әрекеттерге жол бермеу туралы және оларды жасаған жағдайда жауаптылық туралы нақты жеке тұлғаға жолдануға тиіс.



Ішкі істер органдары жарияланған ресми алдын ала ескертулердің есебін жүргізеді."

9. "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 17, 135-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 19-І, 19- ІІ, 96-құжат, 2015 ж., № 22-І, 140-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат ғимараты (құрылысжайы) – құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды жасау үшін арнайы тұрғызылған немесе қайта бейінделген ғимарат, құрылысжай, ғимараттар мен құрылысжайлар кешені;

2) құлшылық ету орны – дінге сенушілер өзінің құрметін білдіру үшін, сондай-ақ діни жораларды, рәсімдер мен салт жораларды жасау үшін пайдаланатын ғимараттар, табиғи объектілер, аумақтар;

3) діни қызмет – дінге сенушілердің діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызметі;

4) мінажат ету – діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құлшылық ету жасалатын діни мағынасы бар орындарға дінге сенушілердің баруы;

5) діни қызметші – діни бірлестік басшысының бұйрығы негізінде рухани, уағыздаушылық қызметке тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген адам;

6) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;

7) діни ілімді тарату – белгілі бір діннің негізгі догматтары, идеялары, көзқарастары және практикалары туралы ақпаратты жеткізуге, сол сияқты беруге бағытталған қызмет ;

8) деструктивті діни ағым – адамның қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін, имандылық негіздерді, рухани және мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді әлсіретуге және (немесе) бұзуға қабілетті діни көзқарастар, идеялар, сондай ақ ілімнің жиынтығы;

9) діни мазмұндағы ақпараттық материал – мәтіндік сілтемелерді қоса алғанда, кез келген жеткізгіштегі діни сипаттағы баспа, электрондық және өзге де ақпарат;

10) діни радикализм – тұлғаның өзге адамдарға діни ұйғарымдар мен догмаларды сөзсіз орындауды таңуды үндеулермен және іс-әрекеттермен сүйемелдейтін, діни көзқарастар мен сенім-нанымдарға ұшқары, ымырасыздықпен ұстанушылық;

11) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

12) құдайға құлшылық ету – діни қызметшілер діни ілімнің талаптары бойынша жасайтын діни жоралар мен рәсімдер жиынтығы;

13) уәкілетті орган – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Мемлекет және дін

1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.

2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең.

3. Дін ұстану немесе наным еркіндігін жүзеге асыру тек заңмен ғана және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығын және имандылығын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана шектелуге жатады.

4. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру және тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

6. Дінді оқып-үйрену діни бірлестіктердің ғибадат ғимараттарында ( құрылысжайларында), үй-жайларында, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарында кедергісіз, олардың жарғыларына сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады. Өзге жағдайларда дінді оқып-үйрену облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

7. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, дінге көзқарасы себептері бойынша жеке және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтарын бұзуға немесе дінге сенушілердің және (немесе) дінге сенбеушілердің сезімдері мен қадір-қасиеттерін немесе құдайға құлшылық етуді, діни жоралар мен рәсімдерді орындауды қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылғылар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

8. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

9. Мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлері діни бірлестіктердің

мүддесінде қызмет бабын және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға, сондай-ақ өзге тұлғаларды діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлеуге құқылы емес.

10. Ешкімнің өз діни нанымдарының себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ.

Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

11. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, балаларды ата-анасының немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, оның құқықтарына қысым жасайтын және жауапкершілігін шектейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;

2) діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

3) егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

4) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі, діни радикализмнің көрініс табуына жол бермейді және экстремизмге қарсы іс-қимыл жасайды.

12. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер:

1) мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;

2) саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

13. Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен әрекеттері мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен және өзге де құқыққа қарсы әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

14. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сондай-ақ олардың діни ілімді таратуына, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір мәжбүрлеуге жол берілмейді.

15. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға түрткі болумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді.

16. Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды мәжбүрлеп тартуға, оның ішінде қайырымдылық арқылы және (немесе) діни бірлестіктен шығуына, ұстанатын діннен бас тартуына кедергі келтіруге бағытталған, оның ішінде материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, зорлық-зомбылық көрсету немесе күш қолданамын деп қорқыту жолымен не алдау жолын қолданатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

17. Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларды діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

18. Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне көрінеу іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге ықпал ететін шешімдерді қабылдауға және әрекеттерді жасауға жол берілмейді.

19. Діни бірлестіктің басшысы он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды ата-анасының біреуінің, кәмелетке толған жақын туысқанының немесе кәмелетке толмаған адамның өзге де заңды өкілдерінің ілесіп алып жүруінсіз, сондай-ақ ата-анасының біреуі немесе кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі қарсылық білдірген кезде құдайға құлшылық етуге, діни жораларға, рәсімдерге және (немесе) жиналыстарға қатыстыруға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

20. Қазақстан Республикасы азаматтарының шет мемлекеттерде рухани (діни) білім алуына Қазақстан Республикасында жоғарғы рухани (діни) білім алғаннан кейін ғана жол беріледі. Халықаралық шарт (келісім) негізінде, сондай-ақ тіркелген діни бірлестіктердің Қазақстанда рухани (діни) білім беру ұйымдары болмаған жағдайларда ғана шетелде оқып-үйренуге болады.

Рухани (діни) білім беру ұйымдары өз қызметтерін ашық түрде жүзеге асырады, қоғамды оқу, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі туралы хабардар етеді.

21. Деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоғамдық орындарда пайдалануға, киюге және таратуға жол берілмейді.

Сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоса алғанда, деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын айқындайтын белгілер уәкілетті органның, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының бірлескен нормативтік құқықтық актісінде бекітіледі.";

3) 4-бапта:

1) тармақша "діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы" деген сөздерден кейін ", діни қызмет аясындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

"10-2) жергілікті атқарушы органдардың қызметінің тиімділігін бағалаудың " деструктивті діни ағымдар жақтаушылары санының өзгеруі" нысаналы индикаторын есептеу әдістемесін бекітеді;"

11) тармақшада "арнайы тұрақты үй-жайлардың" деген сөздерден кейін " орналастырылуын айқындау" деген сөздермен толықтырылсын, "діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың" деген сөздерден кейін "орналастырылуын келісу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоса алғанда, деструктивті діни ағымдарға қатыстылығын айқындайтын белгілерді әзірлейді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Жергілікті атқарушы органдардың діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

1) өңірдегі діни ахуалға зерделеуді және талдауды жүргізеді;

2) өңірде әрекет ететін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеуді және талдауды жүргізеді;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

5) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

7) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмысын жүргізеді;

8) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы стационарлық үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат ғимараттарынан (құрылысжайларынан) тыс жерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

9) ғибадат ғимараттарын (құрылысжайларын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер қабылдайды;

10) діни бірлестіктерді құру кезінде бастамашы азаматтардың тізімдеріне, сондай-ақ қайта тіркеу, діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде қатысушылардың (мүшелердің) тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

11) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) өңірдегі діни ахуалға зерделеуді және талдауды жүргізеді;

2) өңірде әрекет ететін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеуді және талдауды жүргізеді.

3. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың әкімі:

1) өңірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді;

2) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізеді.";

5) 6-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы "діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ діни бірлестіктердің өздерінің филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы өтініші" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып," деген сөздер "діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар, қажет болған жағдайда уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Дінтану сараптамасының теріс қорытындысын алған діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды Қазақстан Республикасының аумағында таратуға жол берілмейді, олар пайдаланылмауға тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айналымнан алынып тастауға жатады.";

б) 7-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар"; мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Діни бірлестіктер мінажат етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырады.";

"2-1. Құдайға құлшылық етуді, діни жоралар мен рәсімдерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен оларды өткізуге уәкілеттік берілген адамдар өткізеді.";

7) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Діни бірлестіктердің ғибадат ғимараттарындағы (құрылысжайларындағы), үй-жайларындағы жүріп-тұрудың ішкі тәртібі

1. Діни бірлестіктер жарғысына сәйкес ғибадат ғимараттарындағы (құрылысжайларындағы), үй-жайларындағы жүріп-тұрудың ішкі тәртібін әзірлеуге құқылы.

2. Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету жағдайларын қоспағанда, діни бірлестіктердің ғибадат ғимараттарындағы (құрылысжайларындағы), үй-жайларындағы жүріп-тұрудың ішкі тәртібін бұзуға жол берілмейді.";

8) 8-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) рухани (діни) білімінің бар екендігін растайтын құжатты";

5-тармақта:

"теріс қорытындысы негізінде" деген сөздерден кейін "және (немесе) дәйексіз мәліметтер ұсынған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

"конституциялық құрылысқа," деген сөздерден кейін "қоғамдық қауіпсіздікке," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

"діни мазмұндағы" деген сөздер "діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Діни әдебиет, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар және діни мақсаттағы заттар";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тәрбиелеу мақсатында пайдаланатын әдебиет пен материалдарды, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарында ресми білім алатын балаларға таратылатын әдебиет пен материалдарды қоспағанда, он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды таратуға жол берілмейді.";

10) 10-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Діни бірлестіктердің қайырымдылық және ақпараттық қызметі";

2-тармақтағы "материалдық тәуелділігін (мұқтаждығын)" деген сөздер "материалдық (мұқтаждығын) немесе өзге де тәуелділігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

3. Діни ілімді таратуға тіркелген діни бірлестіктердің қатысуымен құрылған бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғана жол беріледі.

4. Жеке және заңды тұлғаларға деструктивті діни ағымдар идеологиясын таратуға, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуға тыйым салынады.";

11) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік деп танылады.

Жергілікті діни бірлестік ортақ діни ілімді ұстанатын, осы жергілікті діни бірлестік әрекет ететін аумақ шегінде тұрақты тұратын және тұрғылықты жері бойынша тіркелген Қазақстан Республикасының кемінде елу кәмелетке толған азаматының бастамасы бойынша құрылады.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан көп жергілікті діни бірлестіктің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік деп танылады.";

12) 13-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мыналар діни бірлестік құруға бастамашы, сондай-ақ діни бірлестіктің қатысушысы (мүшесі) бола алмайды:

1) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес тізбеге енгізілген адам;

2) заңды күшіне енген сот актісімен экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатыстылығы анықталған адам;

3) мемлекеттік қызметші.";

13) 17-баптың 1-тармағында:



"мәліметтер дәйексіз болса," деген сөздерден кейін "мақсаты мен міндеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келсе" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 20-бап мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Түсетін қаржы қаражаты, қайырмалдық, қайырымдылық көмек және басқа да мүлік, оның ішінде халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардан түсетіндер міндетті түрде діни бірлестіктердің қаржылық құжаттарында есепке алынады.

1-2. Осы баптың 1-1-тармағында көрсетілген барлық кірістер көлемі және көздері, сондай-ақ шығыстар көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.";

15) 5-тарау мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Уәкілетті органның діни бірлестіктер қызметін бақылауды жүзеге асыруы

Осы Заңның сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады

Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады."

10. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 94-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 12, 87-құжат, № 24, 126-құжат):

15-баптың 1-тармағының 28) тармақшасындағы "дін істері жөніндегі" деген сөздер "діни қызмет саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат):

6-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жеке тұлғаларға тергеп-тексерілуі ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған экстремистік және террористік қылмыстарды, сондай-ақ діни қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға жағдай жасайтын әрекеттерге жол бермеу туралы орындауға міндетті ресми алдын ала ескетулерді жазбаша нысанда хабарлауға;"

30) тармақшадағы "есепке алынған адамдарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды жасауға жағдай жасайтын әрекеттерге қатысты ресми алдын ала ескерту шығарылған адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 153-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 22, 1116-құжат; № 24, 123-құжат):

13-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "пайдалануға құқылы емес" деген сөздер "пайдалануға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) діни бірлестіктердің мүддесінде қызмет бабын және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға;

9) өзге тұлғаларды діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлеуге;

10) діни бірлестікті құруға бастамашы, сондай-ақ оның қатысушысы (мүшесі) болуға құқылы емес."

2-бап.

1. Осы Заң мыналарды:

1) 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағы 2) тармақшасының отызыншы абзацын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағының 11) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Өңірлік және жергілікті діни бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта тіркеу рәсімінен өтуге міндетті. Сонымен бірге, тіркеуші органға өңірлік діни бірлестіктің мәртебесін растайтын құжаттар табыс етіледі.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін осы Заңның талаптарына сәйкес құрылтай құжаттарын табыс етпеген заңды тұлғалар астананың, республикалық маңызы бар қаланың және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының шағымдары бойынша сот тәртібімен жойылады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*